

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2025 жыл №160-ж/к

Жетісай қаласы

город Жетысай

Мектеп асханасында ыстық тамақпен қамтамасыз ету және асхана жұмысын тексеру үшін бракераждық комиссиясын құру, тамақтың сапасын тексеру туралы

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамызындағы №611 бұйрығы және "Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 598 бұйрығы, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес, мектеп асханасында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын сапалы жүзеге асыру және асхана жұмысы мен тамақ сапасын қадағалау үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1. Тамақтану сапасын мерзімдік бағалау үшін мектепте бракераждық комиссиясы құрылсын.
2. Бракераждық комиссияның құрамына медицина қызметкерін, әкімшілікті, интернат меңгерушісін, өндіріс меңгерушісін және ата-аналар комитетін, Қамқоршылық кеңес мүшесін енгізе отырып, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес сапалық құрамы бекітілісін.
3. Бракераждық комиссиясының жұмыс жоспары және отырыс жоспары бекітілсін.
4. Комиссия мүшелерінің тамақтану сапасын мерзімдік бағалау үшін мектеп асханасын тексеру кестесі жасалынып, комиссия мүшелеріне таныстырылсын.
5. Бракераждық комиссиясы мүшелеріне қоғамдық негізде атқарылатын жұмыс негізінде міндеттері таныстырылсын.
6. Комиссия жұмысы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылсын.

7. Бракераждық комиссиясының асхананы тексеру АКТілері, отырыс хаттамалары мектеп сайтының «Тамақтандыру» айдарына орналастырылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Нурмаганбетовке, интернат меңгерушісі А.Адилбековаға жүктелсін. Оқушылардың тамақтану табелін дайындау интернат меңгерушісі А. Адильбековаға тапсырылсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



К. Алиев



Мектеп-интернаттың бракераж комиссиясының құрамы

- 1) Алиев Кобейбек Амирбекович – мектеп-интернат директоры, комиссия төрағасы;
- 2) Нурмаганбетов Нурлыбек Ахметжанович – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 3) Жумабаев Мугалбек Жунусович – қамқоршылық кеңес төрағасы, комиссия мүшесі;
- 4) Мырзаев Нурбахыт Аскерович – мектеп-интернаттың ата-аналар кеңесінің мүшесі, комиссия мүшесі;
- 5) Молдадосова Алтынай Кайыповна – бастауыш кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі;
- 6) Адильбекова Айнур Сайфудиновна – интернат меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- 7) Шериева Гульзат Турдыбаевна – медбике, комиссия мүшесі;
- 8) Байбосынова Лаззат Абдиманаповна – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
- 9) Избасарова Зауре Жаксыбаевна – шарушылық меңгерушісі.